ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ
«ОЗАТ SCHOOL»
МЕКЕМЕСІ

КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ГОРОД КЫЗЫЛОРДА
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОЗАТ SCHOOL»

Бұйрық

«02» қыркүйек 2025 жыл

«Педагогикалық әдеп» кеңесін құру туралы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары,Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы Заңы» және Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Заңның 16-бабына , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» №190 бұйрығына сондай-ақ «Озат school» жеке мектеп ,педагогикалық кеңесінің 2024 жылғы 02 қыркүйугінен бастап «Педагогикалық әдеп» кеңесінің 2024 жылғы 27 тамыздан № 1 хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылдың 02 қыркүйегінен бастап «Педагогикалық әдеп» кеңесі құрылсын.

«Педагогикалық әдеп» кеңесінің мүшелері:

Төраға: 1.Ахметова Айымкул Ургенишбайқызы ;

Мүшелері: 1.Оспанова Назигуль – бастауыш сынып мұғалімі;

2. Әзілхан Даир –дене шынықтыру пәні мұғалімі

3.Наурызбаева Құндызай – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

4. Хатшы: Бодық Таңшолпан Талғатқызы

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры **А.Ахметова**

F1

БЕКІТЕМІН:

Мектеп директоры ААхметова

«Озат school»жеке мектептің педагогикалық әдеп кеңесі отырысының жұмыс жоспары

2025-2026 оқу жылы

Р/с	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы. Күн тәртібінде** 1.Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы Ережені қарау және бекіту 2. Педагогтардың кәсіби қарым –қатынас мәдениетін жетілдіру. 3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.	Қыркүйек 2025 жыл	Хаттама
2	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы. Күн тәртібінде** 1.Педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына мониторинг жүргізу 2. Педагогтердің ата-аналармаен қарым-қатынас мәдениеті және іскерлік әдеп нормалары 3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті	Қараша 2025 жыл	Хаттама
3	**«Әріптестер арасындағы кәсіби қарым-қатынас және өзара сыйластық» тақырыбында пікір алмасу**	Қаңтар 2026 жыл	Анықтама
4	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы. Күн тәртібінде** 1. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары 2.Ұжымдағы психологиялық ахуалға мониторинг жасау 3. Мұғалім беделі және кәсіби міне-құлық мәдениеті	Наурыз 2026 жыл	Хаттама
5	**«Құқықтық сауаттылық- педагог қауіпсіздігінің негізі» тақырыбында кездесу**	Сәуір 2026 жыл	Анықтама
	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы. Күн тәртібінде **1.**Педагогтің кәсіби беделі мен педагог мәртебесін Қорғау мәселелері 2.Өзіңді өзің тәрбиелеу жолдары 3.Педагогтердің көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормаларын сақтау	Мамыр 2026 жыл	Хаттама

F1

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

16 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: 16

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.
   Кеңес төрайымы А. Ахметова
2. Педагогтардың кәсіби қарым –қатынасы мәдениетін жетілдіру.
   Кеңес мүшесі Г. Аллаберген
3. Педагогтардың этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті.
   Кеңес мүшесі Р. Нұрқабылова

Кун тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы А. Ахметова сөз алды:

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына,осы Қағидаларға,өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік,әдептілік,қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.Кеңестің негігі міндеттері:білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету;педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау;педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты,толық және объективті зерттеу болып табылады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Г. Аллаберген

Педагог мамандығы – тек білім берумен шектелмейтін , жоғары мәдениетті,жауапкершілікті және адамгершілік қасиеттерді талап ететін маңызды кәсіп.Мұғалімнің сөзі,іс-әрекеті,қарым-қатынас мәнері оқушыға ғана емес,бүкіл мектеп ұжымына әсер етеді.

Кәсіби қарым-қатынас - педагогтің әріптестерімен,оқушылармен,ата-аналармен және мектеп әкімшілігімен қызметтік міндеттер аясында дұрыс әрі әдепті байланыс орната білуі.

Кәсіби қарым-қатынастың негізі –құрмет ,сенім,жауапкершілік және өзара түсіністік.Ұжымда әр педегог бір-бірінің еңбегін бағалап,пікірін құрметтеп, мәселелерді мәдениетті диалог арқылы шешуге ұмтылған жағдайда ғана қолайлы психологиялық орта қалыптасады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Р. Нұрқабылова

Ұстаз ата-аналармен, оқушылармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.Қайсар Жалғасұлы чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып,мессенджерлер жіберу туралы бір қатар мысалдар келтірді.Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті.Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.Ұстаз этикасы-мұғалім мен бала,ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым –қатынас.Педагогикалық этика –ұжым ішінде мұғалімдер арасында басталып,өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс.Моральдік тәрбие-жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы.Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшіліктері мен заңдылықтары болғандықтан,оның ғылыми негізделген

жүйесі жасалуға тиіс.Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін.Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін.Мысалы педагог этикасы мектептерді,орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Қорытынды сөз. Кеңес төрайымы А. Ахметова

Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі қаралды,ұстаздардың педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды.Сондықтан ұстаздарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бекітілсін

2.Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын

3.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелде өткізілсін.

Кеңес төрайымы А. Ахметова

Хатшы Г. Бодық

F1

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 2 хаттамасы

18 қараша 2025 жыл

Қатысқандар: 248

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына мониторинг жүргізу /кеңес мүшесі Қ. Жұмабекова

3. Педагогтердің ата-аналармен қарым-қатынас мәдениеті және іскерлік әдеп нормалары /кеңес мүшесі Г. Аллаберген

4. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті кеңес төрайымы Р. Нұрқабылова

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі

Қ. Жұмабекова:

Білім беру ұйымындағы педагогикалық әдеп нормаларының сақталу деңгейін анықтау, педагогтердің кәсіби мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру және анықталған мәселелердің алдын алу. Мұғалімнің кәсіби қызметіндегі мінез-құлық мәдениетін, оқушылармен, ата-аналармен, әріптестерімен және білім беру ұйымының әкімшілігімен қарым-қатынасын реттейтін маңызды қағидалардың бірі педагогикалық әдеп. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мектептегі жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға, білім алушылардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуге және педагог мамандығының беделін арттыруға ықпал етеді.Мониторингтің негізгі мақсаты -педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына мониторинг жүргізу барысында педагогтердің кәсіби қарым-қатынасы, әдептілігі, қызметтік міндеттерін орындауы және білім алушылармен, ата-аналармен және әріптестерімен өзара әрекеттесу мәдениеті зерделенеді.Мониторингтің мақсаты педагогті жазалау емес, әдеп нормаларының сақталуын бақылау, алдын алу және кәсіби қолдау көрсету.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Г. Аллаберген:

Мектеп пен ата-ана арасындағы өзара түсіністік баланың тәрбиесі мен білім алуына оң әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Педагог пен ата-ана бір мақсатқа, яғни баланың жан-жақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған серіктестер болып табылады.Сондықтан педагогтің ата-анамен сөйлесу мәнері, сөз саптауы, мәселені жеткізу тәсілі және кез келген жағдайда өзін ұстай білуі оның кәсіби мәдениетінің маңызды көрсеткіші болып саналады.Педагог ата-анамен тек проблема туындағанда ғана емес, баланың жетістігі мен оң өзгерістері туралы да байланыс жасап отырғаны дұрыс.Әрбір педагог ата-анамен сөйлескен кезде өзінің кәсіби мәртебесін, педагогикалық әдепті және баланың мүддесін басты назарда ұстауы тиіс.

Сыпайы сөз сенім қалыптастырады, дұрыс қарым-қатынас – ынтымақтастықты нығайтады, ал кәсіби әдеп – педагог беделін арттырады.Сондықтан ата-анамен қарым-қатынастағы әрбір сөз бен әрекет баланың мүддесіне бағытталуы керек.

F1

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Р. Нұрқабылова:

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Мұғалімге керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.Қортынды сөз: Егер мұғалім өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған адамдар сыныпқа қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына мониторинг жүргізу қолайлы моральдық-психологиялық ортаны қалыптастырудың маңызды тетігі.

2. Педагог пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас өз ара құрметке, сенімге және ынтымақтастыққа негізделуі қажет.

3.Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін артыру үшін іс- шаралар өткізілсін.

Кеңес төрайымы

Хатшы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
"Ozat-School"
БИН 200940026979
МЕКЕМЕ

F1

«Әріптестер арасындағы кәсіби қарым-қатынас және өзара сыйластық»

тақырыбында пікір алмасудың анықтамасы

«Әріптестер арасындағы кәсіби қарым- қатынас және өзара сыйластық» тақырыбында пікір алмасу өтті. Пікір алмасуға педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы және ардагер ұстаздар мен мектеп ұжымы қатысты. Кеңес төрайымы Қ. Жұмабекова педагогикалық ұжымдағы кәсіби қарым-қатынас білім беру сапасына, еңбек өнімділігіне және ұйымдағы психологиялық ахуалға тікелей әсер ететінін, әріптестер арасындағы өзара түсіністік, қолдау және сыйластық ортақ мақсатқа жетуге мүмкіндік беретінін түсіндірді. Ұжым ішінен қойылған сұрақтарға кеңес төрағасы мен кеңес мүшелері жауап берді. Пікір алмасудың соңында мектептің педагог- психологы Г. Абдуллаева «Қарым-қатынас дағдыларын дамыту» атты тренинг өтті.

15.01.2026ж

Мектеп директоры Қ. Жұмабекоав



F1

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 3 хаттамасы

12 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар 15

Күн тәртібінде

1. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары кеңес мүшесі Г. Аллаберген

2. Ұжымдағы психологиялық ахуалға мониторинг жасау кеңес төрайымы Қ. Жұмабекова

3. Мұғалім беделі және кәсіби мінез-құлық мәдениеті кеңес мүшесі Д. Әзілхан

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі

Г. Аллаберген

Педагог - білім беріп қана қоймай, қоғамға үлгі болатын тұлға. Оның кәсіби беделі сабақ үстіндегі қызметімен ғана емес, көпшілік ортадағы мінез-құлқымен, сөйлеу мәдениетімен, адамдармен қарым-қатынасымен және қоғамдық іс-шараларға қатысуымен де бағаланады.Көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалар дегеніміз – педагогтің қоғамдық орындарда, мәдени іс-шараларда, ата-аналармен кездесулерде, әріптестерімен қарым-қатынаста және әлеуметтік ортада өзін мәдениетті, сыпайы әрі кәсіби ұстау талаптары.Педагогтің әрбір сөзі мен әрекеті оның жеке тұлғасына ғана емес, өзі қызмет ететін білім беру ұйымының беделіне де әсер етеді.Педагогтің қоғамдық белсенділігі оның азаматтық ұстанымын және кәсіби жауапкершілігін танытады. Педагогтің көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормаларды сақтауы – оның кәсіби мәдениетінің маңызды көрсеткіші.Сыпайылық, сабырлылық, жауапкершілік, жинақылық және өзгені құрметтеу педагогтің күнделікті мінез-құлқынан көрінуі тиіс.кәсіби Көпшілік ортадағы әдеп педагог беделінің айнасы, сөйлеу мәдениеті шеберліктің белгісі, ал жауапты мінез-құлық - қоғам алдындағы азаматтық парыз.Сондықтан әр педагог қоғамдық ортада өзін ұстай білуге, әдеп-этикалық нормаларды сақтауға және өзінің іс-әрекетімен өзгелерге үлгі болуға ұмтылуы қажет.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Қ. Жұмабекова

Ұжымдағы психологиялық ахуал — қызметкерлердің өзара қарым-қатынасын, көңіл күйін, ұйымдағы эмоционалдық жайлылығын және кәсіби ынтымақтастығын сипаттайтын маңызды көрсеткіш.Педагогикалық ұжымдағы жағымды психологиялық ахуал мұғалімдердің еңбек өнімділігіне, шығармашылық белсенділігіне, кәсіби дамуына және білім алушылармен жұмыс сапасына тікелей әсер етеді.Ал ұжымда түсініспеушілік, сенімсіздік, шиеленіс немесе эмоционалдық жайсыздық орын алған жағдайда педагогтердің жұмысқа деген ынтасы төмендеп, кәсіби қарым-қатынасқа керіәсер етуі мүмкін. Сондықтан ұжымдағы психологиялық ахуалды жүйелі түрде бақылау және талдау білім беру ұйымын тиімді басқарудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.Ұжымдағы психологиялық ахуалға мониторинг жүргізудің негізгі мақсаты педагогтердің жұмыс ортасына қанағаттану деңгейін, ерекшеліктерін және ұжымдағы ықтимал мәселелерді анықтау. өзара қарым-қатынас.Ұжымдағы психологиялық ахуал білім беру ұйымының тұрақты әрі тиімді жұмыс істеуіне тікелей әсер етеді. Педагогтер өздерін қауіпсіз,

құрметті және қолдаулы ортада сезінген жағдайда олардың кәсіби белсенділігі мен шығармашылық әлеуеті артады.Психологиялық ахуалға мониторинг жүргізу арқылы ұжымдағы қарым-қатынастың күшті және әлсіз жақтарын анықтап, қажетті алдын алу және түзету жұмыстарын ұйымдастыруға болады.Жағымды психологиялық ахуал — өзара құрметтен басталады,сенім мен қолдау арқылы нығаяды, ал бірлескен жауапкершілік арқылы қалыптасады.Сондықтан әр педагог ұжымдағы психологиялық ахуалды жақсартуға өз үлесін қосып, әріптестеріне құрметпен, түсіністікпен және жауапкершілікпен қарауы қажет.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Д. Әзілхан

Мұғалім – қоғамдағы жауапкершілігі жоғары мамандық иелерінің бірі. Педагогтің кәсіби беделі оның білімі мен тәжірибесіне ғана емес, адамдармен қарым-қатынасына, сөйлеу мәдениетіне, сыртқы келбетіне, жауапкершілігіне және күнделікті мінез-құлқына байланысты қалыптасады.Мұғалімнің әрбір сөзі мен іс-әрекеті оқушыға тәрбие үлгісі бола алады. Сондықтан педагог өзінің кәсіби мәртебесін түсініп, мектепте ғана емес, қоғамдық ортада да әдеп талаптарын сақтауы маңыздыМұғалімнің беделі – оның күнделікті кәсіби еңбегі мен адамдық мәдениетінің нәтижесі.Педагогтің кәсіби мәдениеті жоғары болған сайын оқушы, ата-ана және әріптестер арасындағы сенім де нығая түседі.Мұғалімнің беделі – бір күнде қалыптаспайды. Ол әрбір сабақта, әрбір сөзде, әрбір қарым- қатынаста қалыптасады.Сондықтан әр педагог өзінің мінез-құлқына жауапкершілікпен қарап, кәсіби әдепті, адамгершілікті және өзара құрметті басты құндылық ретінде ұстануы қажет.«Ұстаздың ең үлкен беделі – оның сөзі мен ісінің бірлігінде».

Кеңес шешімі:

1. Педагогтерге кәсіби қызмет барысында педагогикалық әдеп нормаларын, өзара сыйластық пен іскерлік қарым-қатынас мәдениетін сақтау ұсынылсын.

2. Педагогтер білім алушылармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынаста әдептілік, әділдік, сыпайылық және жауапкершілік қағидаларын басшылыққа алсын.

3. Педагогтің кәсіби беделін нығайту мақсатында сөйлеу мәдениетіне, сыртқы келбетіне, қоғамдық ортадағы және әлеуметтік желілердегі мінез-құлқына жауапкершілікпен қарау ескертілсін.

Кеңес төрайымы Қ. Жұмабекова

Хатшы Г. Болық

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЗЫЛОРДА Қ. РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН Г. КЫЗЫЛОРДА
УЧРЕЖДЕНИЕ
Ozat School
БИН 200940026979
МЕКЕМЕ

F1

«Құқықтық сауаттылық - педагог қауіпсіздігінің негізі» тақырыбында кездесудің

Анықтамасы

15.04.2026 жылы «Озат school » жеке мектебінде «Құқықтық сауаттылық педагог қауіпсіздігінің негізі» тақырыбында кездесу өтті. Кездесуге әдеп жөніндегі кеңес құрамы және ардагер ұстаздар мен мектеп ұжымы қатысты. Кеңес төрайымы Қ. Жұмабекова педагогтердің кәсіби қызметіндегі құқықтары мен міндеттері, заң талаптарын сақтау, педагогикалық әдеп нормалары, кәсіби жауапкершілік және қауіпсіз еңбек ортасын қалыптастыру мәселелері қарастырылды. Кездесу нәтижесінде педагогтердің құқықтық сауаттылығы мен кәсіби жауапкершілігін арттыру, өз құқықтары мен міндеттерін білу, даулы жағдайлардың алдын алу және қауіпсіз кәсіби орта қалыптастыру бойынша түсініктері кеңейді..

Мектеп директоры Қ. Жұмабекова

F1

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 4 хаттамасы

13 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар: 16

Күн тәртібінде

1. Педагогтің кәсіби беделі мен педагог мәртебесін қорғау мәселелері кеңес мүшесі Г. Аллаберген

2. Өзіңді өзің тәрбиелеу жолдары кеңес төрайымы Қ. Жұмабекова

3. Педагогтердің көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормаларын сақтау кеңес мүшесі

Р. Нұрқабылова

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Г. Аллаберген

Педагог - білім беру жүйесіндегі маңызды тұлға. Оның кәсіби беделі оқушылардың білім сапасына, ата-аналармен өзара ынтымақтастыққа және мектептегі жалпы психологиялық ахуалға әсер етеді. Педагогтің мәртебесін қорғау тек оның құқықтарын білумен шектелмейді. Сонымен қатар педагог өз кәсіби міндеттерін жауапкершілікпен орындап, педагогикалық әдеп нормаларын сақтауы қажет.

Педагогикалық әдеп кеңесі педагогтердің кәсіби мінез-құлқына қатысты мәселелерді қарауда маңызды рөл атқарады.

Кеңес жұмысының негізгі бағыттарына:* педагогикалық әдеп нормаларын түсіндіру;

* әдеп бұзушылықтардың алдын алу; * даулы жағдайларды қарау;

* педагогтердің кәсіби мінез-құлық мәдениетін жетілдіру;

* педагогтердің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу қағидаларын нығайту;

* педагогтерге әдістемелік және түсіндіру сипатындағы қолдау көрсету жатады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Қ. Жұмабекова:

Өзін-өзі тәрбиелеудің тұлғаның қалыптасуындағы маңызы түсіндірілді. Өзін-өзі тәрбиелеу адамның өз мінез-құлқын, әдеттерін, жауапкершілігін және жеке қасиеттерін саналы түрде жетілдіруіне мүмкіндік беретіні айтылды.

Қатысушыларға өз бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту, жағымсыз әдеттерден арылу, уақытты тиімді пайдалану, алдына нақты мақсат қою, өзін-өзі бақылау және әр ісіне жауапкершілікпен қарау жолдары түсіндірілді.Сонымен қатар күн тәртібін сақтау, кітап оқу, пайдалы іспен айналысу, өз қателіктерін мойындау және одан сабақ алу адамның өзін-өзі тәрбиелеуінің тиімді тәсілдері екені атап өтілді.

F1

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Р. Нұрқабылова:

Педагог – қоғамда ерекше сенімге ие кәсіби маман. Мұғалімнің беделі тек мектептегі қызметімен ғана емес, оның қоғамдық орындардағы мінез-құлқымен, адамдармен қарым- қатынас мәдениетімен және сөйлеу әдебімен де қалыптасады.

Көпшілік ортада педагог өзінің кәсіби мәртебесіне сай әдептілік пен мәдениеттілікті сақтауы қажет. Бұл өзге адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеудің маңызды көрінісі.

Педагог қоғамдық орындарда:* айналасындағы адамдарға құрметпен қарауы;

* сыпайы және мәдениетті сөйлеуі;* дауыс көтермеуі;* қоғамдық тәртіпті сақтауы;

* өзге адамдардың жеке кеңістігіне құрметпен қарауы;* жанжал мен әдепсіз әрекеттерге жол бермеуі; қоғамдық орында өзін ұстай білуі қажет.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтерге кәсіби қызмет барысында педагогикалық әдеп нормаларын, сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетін сақтауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

2. Педагогтер этикалық талаптарды сақтап, педагог мәртебесіне нұқсан келтіретін жарияланымдар мен пікірлерден аулақ болсын.

3. Қоғамдық орындарда педагогтер әдептілік, мәдениеттілік, сабырлылық және жауапкершілік қағидаларын басшылыққа алсын.

Кеңес төрайымы Қ. Жұмабекова

Хатшы Т. Бодық